24-25 КГ дұрыс

Ф. 7.01-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ ат. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

БЕКІТЕМІН
АТжЭ ЖМ деканы
Ажибеков К.Ж.
_______________
«__»______2025ж.

**«ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР ҮШІН ШЕТ ТІЛІ» КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

**ЖМ академиялық кеңесінде қаралды**
**№ _____ хаттама, «__»____20__ж.**
**Кафедра меңгерушісі**
**__________ Жорабекова А.Н.**

**Шымкент 2025ж.**

## 1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

2024-2025 оқу жылында кафедра аға оқытушысы 25 қазан – Республика күніне мерекесіне орай кафедра аға оқытушысы Есжанова Л.Ш. ректордың құрмет грамотасымен марапатталды.

«Шет тілі» кафедрасы жалпы білім беру сипатына ие және оқу қызметін жүзеге асырады және «Шет тілі» және «Кәсіби-бағытталған шет тілі» пәндері бойынша сабақтар жүргізеді.

Кафедра университеттің техникалық мамандықтар циклінде күндізгі, кешкі және ЖООКББО бөлімдерінде «Шет тілі» және «Кәсіби-бағытталған шет тілі» пәндерін оқытуды қамтамасыз етеді.

«Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының профессор оқытушылар құрамы жоғарыда аталған техникалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының сапасы саласындағы саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді, студенттердің оқу топтар қалыптастыруда көрініс беретін қызығушылықтарын ескереді.

2021 жылдың қаңтарынан бастап 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет тақырыптарын зерттеу жұмысы басталды.

Мемлекеттік бюджет тақырыптары бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы–МБ ҒЗЖ -21-06-11 бойынша IT мамандарына арналған «Қазақша-орысша-ағылшынша» үштілді сөздік 3 тілде, яғни қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалынуда. Бүгінгі таңда сөздіктің төртінші кезеңінде жұмыс жасалынып жатыр. Төртінші кезеңде (2024-2025 жж.): кафедраның профессор оқытушылар құрамы IT саласындағы лексиканы қарастырды. Бұл кезеңде S, T, U, V, W, X, Y, Z әріптеріне арналған сөздік жинақталынды. Жұмыс кафедра оқытушыларына таратылды. Белгілі болғандай, терминологиялық тіркестер жалпы тілдегі тіркестер сияқты өзінің ұғымдық және заттық құрылымы жағынан біртектес емес. Бір білім саласының немесе кәсіби қызметтің барлық терминдері терминологияны құрайды, яғни экстралингвистикалық (яғни концептуалды немесе пәндік) деңгейден тұратын біртұтас тұтастықты құрайды. Жауаптылар, аға оқытушы Ашимова Т.С. және оқытушы Серикбаева Н.Ж., осы сөздіктің мәліметтер базасына түзетулер мен өңдеу жұмыстарын жүргізіп, терминологиялық тіркестердің ұғымдық және материалдық құрылымдарына талдау жасалынды.

Кафедрада 31 оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде:

3 PhD докторы
1 ф.ғ.к.,(қоса атқарушы)
2 аға оқытушы магистр-(қоса атқарушы)
13 магистр-аға оқытушы
9 магистр-оқытушы
3 аға оқытушы

«Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының басты міндеті – сапалы білім беру ғана емес, сонымен қатар білім берудің заманауи талаптарына сай болу. Оқытушы жүктемеде кураторлық топтың болмауына қарамастан (жоқ) әр сабақта тәрбие жұмысына 3-4 минут бөлуге міндетті.

## 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару(кафедра жалпы білім беретін пәндер цикліне жатады)

### 2.1 Оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және баспадан шығару

Бұл бөлімде оқу-әдістемелік әдебиеттердің баспадан шығару жоспарының орындалуы туралы мәлімет беріледі. Кафедрадағы әрбір білім беру бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттердің баспадан шығарылу жоспарының орындалуы туралы мәлімет ұсынылады. ОӘӘ басылып шығару жоспарының орындалмау себептері көрсетіледі. ОӘӘ, басылымдарының жылдық және переспективалық жоспарларының орындалуын (дуальді оқыту бойынша, инклюзивті оқыту және жаңартылған мазмұнда оқыту түрлері бойынша нақты пәндердің қамтылуын) көрсетеді. ОӘӘ басылымының орындалуы бойынша төмендеу пайызы немесе артығымен орындалу үлесінің себеп

салдарын көрсету арқылы өткен оқу жылымен салыстырмалы бағасы беріледі. Білім беру үрдісінде оқулықтармен және оқу құралдарымен, қазақ және ағылшын тілдеріндегі әдістемелік нұсқауалармен қамтылуы оқу жұмыс жоспарындағы жалпы пәндер саны бойынша қамтылу пайызына талдау келтіріледі.

Барлығы 2024-2025 оқу жылына ОӘӘ-19, оның ішінде

| | |
|---|---|
| Ағылшын тілі | 19 |
| ОӘӘ түрі: | |
| Оқу әдістемелік құрал | - |
| Әдістемелік нұсқау | 6 |
| Кейстер | 6 |
| Іскерлік ойындар | 7 |

**2.2 Оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық әзірлемелерді ендіру**

Бұл бөлімде оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық әзірлемелерді: кейс-стади, рольдік/іскерлік ойындар, портфолио, бейне-лекция, виртуальді зертханалық жұмыс, электронды оқулықтар, ЭЕМ оқытатын және қадағаланатын бағдарламаларды енгізу туралы мәлімет келтіріледі. Өткен оқу жылымен салыстырмалы түрде кафедраның оқу жылында инновациялық педагогикалық әзірлемелер саны менпайыздық көрсеткіші, оқу жұмыс жоспарындағы жалпы пәндер саны бойынша қамтылу пайызы келтіріледі. әзірлемелерді жасау қажеттігі туралы қорытынды жасалады. Инновациялық педагогикалық әзірлемелерін жасаудың орындалу туралы мәліметін 2.3 кестесіне сәйкес толтырылады. енгізу туралы мәліметтерін:

Кесте 2.3 – Инновациялық педагогикалық әзірлемелерін оқу үрдісіне енгізу туралы мәліметтерді

| № | Т.А.Ә, қызметі | Пәні | Инновациялық педагогикалық жұмыс түрі | Ендіру АКТ-сі тіркелу № |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Шымырбекова А.М. | Шет тілі | | №117 27.03.2025 |
| 2. | Төребек Д.О. | | | №82 12.02.2025 |
| Кафедра бойынша барлығы: | | | | |

**3. Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау**

3.2.2. Семестрдің басына қарай студенттер жеке оқу жоспарлары негізінде оқу бағдарламасы (Syllabus), белсенді үлестірмелі материалдар, практикалық (семинар) сабақтарының жоспарларын қамтитын оқу-әдістемелік кешенмен (ОӘК) қамтамасыз етіледі, сонымен қатар СӨЖ және ОСӨЖ жоспарлары, өзін-өзі бақылау сұрақтары, аралық бақылауға арналған тапсырмалар, емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар мен тапсырмалар тізімі, студенттерге қойылатын талаптар мен бағалау критерийлерін қамтиды.

**4. Профессор-оқытушылар құрамы**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Шетел тілі» оқу үдерісін жүзеге асыратын «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының кадр саясатының негізгі мақсаты – ішкі резервке сәйкес кафедраның кадрлық құрамын дамыту, жаңарту және жасарту болып табылады. Бакалавриат бойынша білім беру бағдарламасына дайындықты педагогикалық қызметкерлердің келесі санаттары жүзеге асырады: ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылар (кандидаттар, PhD докторанттар), аға оқытушылар және оқытушылар. Базалық пәндерді оқыту 100% штаттық оқытушылармен қамтамасыз етілген, олардың саны 31 адам, оның ішінде 1 ф.ғ.к.,(қоса атқарушы), 2 аға оқытушы магистр-(қоса атқарушы), 13

магистр-аға оқытушы, 9 магистр-оқытушы, 3 аға оқытушыдан құралған. 31оқытушының шет тілі саласында базалық білімі бар.

Кафедраның барлық оқытушылары ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстармен айналысады. «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының қызметін жоспарлау оқытушы жұмысы жеке жоспар негізінде ұйымдастырылған. Барлық жеке жоспар оқу жұмысының орындалу тізбесі, оқу-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыс, әдістемелік-ұйымдастыру жұмысы, тәрбие жұмысы, біліктілікті жоғарылату, өзге де жұмыс түрлерін қамтиды. Барлық оқытушының жүктемесін, іс-шаралар тізбесін, орындалу мерзімін және орындалу есебін көрсетеді. Барлық жеке жоспар жаңа оқу жылы басталғанға дейін кафедра меңгерушісі, Ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебінің деканы және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорымен келісіледі және бекітіледі. Педагогикалық ұжым қызметінің жоспарлы сипаты белгіленген жұмыс түрлері арасындағы қажетті тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Жұмыс көлемінің арақатынасы әр оқытушыға жеке жоспарланады.

2024-2025 оқу жылына кафедра оқытушыларының жылдық оқу жүктемесінің көлемі:

1. 0,25 жүктеме (170 сағат) – 2 оқытушы
2. 0,5 жүктеме (340 сағат) – 3 оқытушы
3. 1,25 жүктеме (850 сағат) – 1
4. 1 жүктеме (680 сағат) – 2
5. 1,5 жүктеме (1020 сағат) – 14 оқытушы. Оқыту жүктемесіне оқу сабақтарын өткізу, ОСӨЖ шеңберінде кеңестер, емтихандар, аралық бақылау кіреді.

«Техникалық мамандықтар үшін шет тілдері» кафедрасының біліктілікті жоғарылату мақсатында кафедра ОПҚ университет, факультет өткізетін семинарларға, халықаралық форумдарға қатысады. Кафедра оқытушыларының 2024-2025 оқу жылына біліктілігін жоғарылату жоспары бойынша 2 оқытушы біліктілігін артырды. Кафедраның 4 оқытушысы –М.Әуезов атындағы ОҚЗУ базасы ұйымдастырған курста өтті.1-оқытушы Халықаралық Болашақ бағдарламасы бойынша Америкада біліктілігін арттырып келді.10-оқытушы М.Әуезов атындағы Ақпараттық жүйелер кафедрасы ұйымдастырған жазғы мектеп курсына қатысып біліктілігін арттырды, 20 оқытушылар Түркістан қаласындағы Халықаралық Туризм және Меймандостық Университетінде онлайн біліктілігін артты. Оқытушылардың біліктілігін арттыру мәселесі кафедра мәжілісінде II жарты жылдығы (№10) отырысында талқыланды. Кафедраның біліктілікті жоғарылату жоспары орындалды.

4.1 кесте – Оқытушылардың біліктілігін арттыру жұмысы туралы мәліметтер

| Кафедралар | Штаттық ПОҚ саны | Біліктілігін көтергендер саны (адам) | Оның ішінде | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ФПК, ИПК | Тәжірибе жинақтау | | Жоғары білім беру департ. Мәжіліс. семинарлары | Халықаралық семинарлар мен конференциялар | 3 айға дейін | 6 айға дейін | АҒК қызметіне ауысу | докторантура | Сырттай аспирантура | УПЗ | ЭВМ игеру курстары |
| | | | | барлығы | Оның ішінде 4 ай мен 1 жыл | | | | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 31 | 28 | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - | - |

4.2 кесте –Оқытушылардың біліктілігін арттыру нәтижелерін оқу үрдісіне енгізу

| № | Аты-жөні | Кафедра, қызметі,ғылыми дәрежесі | ЖОО жұмыс өтілі | Біліктілігін жоғарылататын орны мен мерзімі | Біліктілігін жоғарылататынбілім беру бағдарламаның шифры мен атауы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Назарова Анель Нұрғалиевна | оқытушы,магистр | 10 | Туркістан,25.09.2024-09.10.2024г | 6В01730 Шет тілі: екі шет тілі |
| 2 | Кошкарова Гульнур Аширхановна | оқытушы-магистр | 10 | Туркістан,25.09.2024-09.10.2024г | 6В01730 Шет тілі: екі шет тілі |

Кафедра оқытушыларының біліктілігін жоғарылату және тәжірибе алмасу мақсатында кафедрада ашық сабақтар кестесі түзілген (төменде ашық дәріс кесте берілген). Жоспарланған кесте бойынша оқытушылар ғылыми әдістемелік семинарлар өтті, қатысқан оқытушылар өз тараптарынан пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын айтты.

Қазіргі таңда білім беру саласында болып жатқан өзгерістер оқытуды, соның ішінде шетел тілін, кәсіби бағытта шет тілін оқытуды жаңа сатыға көтеруді талап етіп отыр. Жалпы кафедраның стратегиясының басты бағыттарының бірі үнемі біліктілікті жоғарылату, демек, үнемі " Life long learning" концепциясын ұстану.

2024-2025 оқу жылына кафедраның профессор-оқытушылар құрамының сабақтары **КІБ** кестеге сәйкес жүргізілді:

1. Джунусбекова Ж.С. – Жалпы балл- 4,6
2. Қошқарова Г.А.– Жалпы балл- 4,5
3. Арынгазиева А.А. – Жалпы балл- 4,7
4. Телгераева Ж.Б.– Жалпы балл- 4,7
5. Абишева Г.К.– Жалпы балл- 4,0
6. Курбанбаева С.Н.– Жалпы балл- 4,8
7. Байдабекова М.С.– Жалпы балл- 4,4
8. Оразалиева Г.Е.– Жалпы балл- 4,4

2024-2025 оқу жылына **ЖМИК** бойынша «Техникалық мамандықтар бойынша шет тілі» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамын тексеру және бақылау (комиссия мүшесі Исмайлов Х.Б.):

1. 05.11.24 Курбанбаева С.Н. - Жалпы балл-4
2. 13.11.24 Сатылханова Г.А. - Жалпы балл-4,7

**5. 2024-2025 оқу жылына кестеге сәйкес кафедра деңгейінде әдістемелік семинарлар жоспарланып, өткізілді:**

1.24.10.24. 15.00 "Геймификация на уроках английского языка"
Жауапты: Кудасбекова А.Б.

2. 10.12.24. 16.00 "Academic reading skills" Жауапты: Мамбетова Г.Т.

3. 25.02.25. 16.00 «Communicative approach to teaching grammar" Жауапты: Джунусбекова Ж.

4. 13.03.25. 15.00 «Modern technologies in teaching foreign languages". Жауапты: Унембаева А.Н.

5. 27.03.25 16.00 "Innovative teaching methods of improving speaking skills''
Жауапты: Сатылханова Г.

6. 16.04.25 16.00 "Повышение уровня мотивации при изучении английского языка в урочное и внеурочное время". Жауапты: Джиянбаева Л.

Әдістемелік семинарларда оқытушылардың сабақ өткізу деңгейін жоғары дәрежеде өтуіне, сонымен қатар, аға оқытушылар тарапынан білім беру мен оқытудың тиімді жаңа әдістерін сабақ барысында қолдануға байланысты әр түрлі ұсыныстар қарастырылды. Оқытушылар біліктілік ЖОО-да оқыту процесін ұйымдастырудың заманауи талаптарына сай екендігін дәлелдеді. Кафедраның әр жиналысында жас оқытушылардың сабақ өткізулері мен әдістері талқыланды, сонымен қатар, аға оқытушылар тарапынан әр түрлі ұсыныстар қарастырылды Кафедрада өткізілген семинарлардан соң көптеген оқытушылар сабақ өткізу барысында оқытудың тиімді жаңа әдістерін, студенттердің қызығушылығын арттыратын ойын түрлерін қолданысқа енгізе бастады (ұялы телефон,интерактивті тақта т.б.).

**5.2 КІБ-мен кафедра ПОҚ-ның сабақ өткізуі мен дайындық сапасына бақылау жүргізілді:**

| № қ\с | Күні | ПОҚ-ның аты-жөні. Пән атауы. Сабақ түрі. Сабақ тақырыбы. | Комиссии мүшелерінің аты-жөні. | Сабақ өткізу барысында қолданылған инновациялық технологиялар | Сабақ өткізілуіне байланысты КІБ-дың ұсыныстары,шешімдері және ескертпелері. |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | 08.10.2024ж | Арғынғазиева А.А. Ағылшын тілі Практикалық сабақ. | Жорабекова А.Н. Мамбетова Г.Т Калауова С.С. | Кіріспе бөлімінде негізгі әдістерді қолдану, және келесі тақырыппен байланысқажақсы көңіл бөлінді. | Балы-4,8 Сабақ өту сапасы талаптарға сай. Гр.жұмыстарына да көңіл бөлінсін |
| 2 | 18.10.2024ж | Абишева Г.К. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Жорабекова А.Н. Сатылханова Г.А. | Сөйлеу дағдыларын кеңінен пайдаланылды | Балы-4 Сабақ өту сапасы талаптарға сай.Тех. құралдарды қолдану. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Шымырбекова А.М. | | |
| 3 | 5.11.2024 ж | Құрбанбаева С.Н. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Серикбаева Н.Ж. Томарбаева С.Т Телгараева Ж.Б. | Сөйлеу дағдыларын кеңінен пайдаланылды | Жалпы балы-4,7 Студенттердің белсенділігін арттыратын жаттығулар көбірек қолданылсын |
| 4 | 6.12.2024 ж | Оразалиева Г.Е. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Жорабекова А.Н. Кожанов С.Н. Унембаева А.Н. | Кіріспе бөлімінде негізгі әдістерді қолдану, және келесі тақырыппен байланысқажақсы көңіл бөлінді. | Жалпы балы-4,5 Сабақ барысында уақыт есепке алынсын.Ақпараттық құралдар пайдаланылсын. |
| 5 | 28.01.25ж | Егемберді А.А .Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Мамбетова Г.Т Назарова А.Н. | Грамматикалық жаттығулар кеңінен пайдаланылды. | Жалпы балы-4,7 Білімі төмен студенттерге көбірек көңіл бөлінсін. |
| 6 | 30.01.25ж | Мамбетова Г.Т Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Құрбанбаева С.Н. Кудасбекова А.Б. | Сөйлеу дағдыларын кеңінен пайдаланылды | Жалпы балы-4,8 Студенттердің белсенділігін арттыратын жаттығулар көбірек қолданылсын |
| 7 | 11.02.25ж | Мусалиева М.О. Ағылшын тілі Практикалық сабақ. | Егемберді А.А. Қошқарова Г.А. | Кіріспе бөлімінде негізгі әдістерді қолдану, және келесі тақырыппен байланысқажақсы көңіл бөлінді. | Жалпы балы-4,6 Сабақ барысында уақыт есепке алынсын.Ақпараттық құралдар пайдаланылсын. |
| 8 | 20.02.25ж | Томарбаева С.Т. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Сатылханова Г.А. Телгараева Ж.Б. | Кіріспе бөлімінде негізгі әдістерді қолдану, және келесі тақырыппен байланысқажақсы көңіл бөлінді. | Балы-4,7 Сабақ өту сапасы талаптарға сай. Гр.жұмыстарына да көңіл бөлінсін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 12.03.25ж | Жорабекова А.Н. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Моминова С Құдасбекова А | Сөйлеу дағдыларын кеңінен пайдаланылды | Балы-4,9 Сабақ өту сапасы талаптарға сай.Тех. құралдарды қолдану. |
| 10 | 18.03.25ж | Шымырбекова А.М. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Унембаева А.Н. Абишева Г.К. | Грамматикалық жаттығулар кеңінен пайдаланылды. | Жалпы балы-4,8 Білімі төмен студенттерге көбірек көңіл бөлінсін. |
| 11 | 17.04.25ж | Джиянбаева Л.А Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Жорабекова А.Н. Назарова А.Н. | Кіріспе бөлімінде негізгі әдістерді қолдану, және келесі тақырыппен байланысқажақсы көңіл бөлінді. | Балы-4,5 Сабақ өту сапасы талаптарға сай. Гр.жұмыстарына да көңіл бөлінсін |
| 12 | 05.05.25ж | Қалауова С.С. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Джиянбаева Л.А Төребек Д.О | Сөйлеу дағдыларын кеңінен пайдаланылды. | Балы-4,5 Сабақ өту сапасы талаптарға сай.Тех. құралдарды қолдану. |
| 13 | 08.05.25ж | Мамекова С.К. Ағылшын тілі Практикалық сабақ | Қожанов С.Н. Айтбекова А.Н. | Грамматикалық жаттығулар кеңінен пайдаланылды. | Жалпы балы-4,7 Білімі төмен студенттерге көбірек көңіл бөлінсін. |

**Жоспардан тыс ПОҚ-ты университет тарапынан тексеру**

| **№ к\с** | **Күні** | **ПОҚ-ның аты-жөні. Пән атауы. Сабақ түрі. Сабақ тақырыбы.** | **Комиссии мүшелерінің аты-жөні.** | **Сабақ өткізу барысында қолданылған инновациялық технологиялар** | **Сабақ өткізілуіне байланысты КІБ-дың ұсыныстары,шешімдері және ескертпелері.** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** |
| 1 | 5.11. 2024ж | Құрбанбаева С.Н. Аға оқытушы Практикалық сабақ | Исмайлов Х.Б. | Грамматикалық жаттығулар кеңінен пайдаланылды. | Балы-4,7 Сабақ өту сапасы талаптарға сай.. .Тех. құралдарды қолдану |
| 2 | 13.11. 2024ж | Сатылханова Г.А PhD, аға оқытушы | Исмайлов Х.Б. | Сөйлеу дағдыларын | Балы-4,7 . Сабақ өту сапасы талаптарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Практикалық сабақ | | кеңінен пайдаланылды | сай..Тех. құралдарды қолдану |
| 3 | 09.04. 2025ж | Шымырбекова А.М Аға оқытушы Практикалық сабақ | Махашов Е.Ж. | Кіріспе бөлімінде негізгі әдістерді қолдану, және келесітақырыппен байланысқа жақсы көңіл бөлінді.т.б | Балы-4,8. Сабақ өту сапасы талаптарға сай..Тех. құралдарды қолдану |
| 4 | 10.04. 2025ж | Торебек Д.О. Оқытушы Практикалық сабақ | Махашов Е.Ж | Грамматикалық жаттығулар кеңінен пайдаланылды. | Балы-4,8. Сабақ өту сапасы талаптарға сай..Тех. құралдарды қолдану |

**ПОҚ-ның ашық сабақтар өткізілу кестесін бақылау**

**5.3. Кафедрада ПОҚ-ның өткізген ашық сабақтарының сандық көрсеткіші:**

| № к\с | Ашық сабақ өткізген оқытушының аты-жөні,дәрежесі | Ашық сабақ өткізілген орны Уақыты Күні | Пәні Курс | Ашық сабақ түрі | Ашық сабақ тақырыбы | Білім беру мен оқытудың тиімді жаңа әдістерінің қолданылуы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Серикбаева Н.Ж. Магистр, оқытушы | 17.10.2024ж. СМ-23-5р2 Уакыты: $10.^{40}$ Ауд: 308 В | Кәсіптік баг-н шет тілі 2 курс | Жалпы шолу сабағы | Architecture of ancient Kazakhstan, dwellings of early nomads | Пікірталас, интерактивті тақта, үлестірмелі материалдар сияқты тиімді әдістер қолданылды |
| 2 | Сатылханова Г.А PhD, аға оқытушы | 13.11.2024ж. ХТ-24-9к2 Уакыты $15.^{05}$ : Ауд: 120А | Ағылшын тілі | Аралас сабақ | Sightsseeing | Интерактивті тақта, үлестірмелі материалдар, Миға шабуыл, Сөзжұмбақ |
| 3 | Жорабекова А.Н. PhD, қауым-н профессор | 03.04.2025ж. СМ-24-5р3 Уакыты: $10^{40}$ Ауд: 205В | Ағылшын тілі 1 курс | Практикалық аралас сабақ | Sate structure, legal institutions of the RK | Пікірталас, интерактивті тақта, үлестірмелі материалдар сияқты тиімді әдістер қолданылды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Джиянбаева Л.А.<br><br>аға оқытушы | 23.04.2025ж.<br>СМ-24-5р2<br>Уакыты $12^{50}$<br>Ауд: 251В | Ағылшын тілі<br>1 курс | Практикалық ақпараттық дәріс | Future Professional competencies | Интерактивті тақта, үлестірмелі материалдар, Миға шабуыл, Сөзжұмбақ |
| 5 | Джунусбекова Ж.С.<br><br>аға оқытушы | 08.05.2025ж.<br>ХТ-24-5к1<br>Уакыты: $12^{50}$<br>Ауд: 120 А | Ағылшын тілі<br>1 курс | Практикалық жалпы шолу сабағы | Demand of the chosen profession in the labor market | Пікірталас, интерактивті тақта, үлестірмелі материалдар сияқты тиімді әдістер қолданылды |

**6. 2024-2025 оқу жылында аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша:**

**6.1ПОҚ-ның қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы**-1:

Кафедраның аға оқытушысы Моминова Сауле Махмудовна 2023-2025 жылдарға арналған «Жас Ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсы аясында. «Жылу электр станцияларының күлін және табиғи волластонитті пайдалана отырып, автоклавты ұяшықты бетонды өндірудің энергия үнемдейтін технологиясын әзірлеу» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыруды жеңіп алды - IRN AR 19175553

**6.2 Өндіріс пен оқу процесіне енгізілген зерттеулердің нәтижелері-2:**

1. № 82 12.02.2025 ж. қолданысқа енгізу туралы акт. Ғылыми-зерттеу жұмысы оқу үдерісіне «Case study for Architecture (English)» кейстер жинағы түрінде, «Шет тілі» пәнінен тәжірибелік сабақтарға арналған, 6807310 – «Сәулет» мамандығының студенттеріне арналған, кафедраның аға оқытушысы Д.О. Төребек. типтік оқу жоспары мен силлабусқа сәйкес келесі тақырыптар бойынша:

№ 1 «Construction drawings» тақырыбы бойынша Twee.com платформасы арқылы жазу және оқу тапсырмалары әзірленді.

№2 «Why do professions become obsolete?» тақырыбы бойынша Tools for Educators платформасы қолданып сөзжұмбақтар мен кроссвордтар жасалды.

№3 «Friedland Timbers asa (late delivery)» тақырыбы бойынша Diffit.me платформасы арқылы мәтін дайындалды.

№ 4 тақырып бойынша Kahoot платформасы арқылы «Surveyor» тесттер әзірленді.

№ 5 тақырыпта «The future of work. What jobs for tomorrow» Quizizz платформасы арқылы бейне тест жасалынды.

№6 «Choosing Career Paths» тақырыбы бойынша Quizizz платформасы арқылы бейне тест жасалды.

2. 2025 жылғы 27 наурыздағы № 117 Ғылыми-зерттеу жұмысы оқу үдерісіне «Collection of business games» іскерлік ойындар жинағы түрінде 2 бет, «Шетел тілі» пәнінен практикалық сабақтарға, 6805330 – «Химиялық технология» мамандығының студенттеріне арналған, «Expertize of substances and materials in chemical engineering» бойынша кафедраның оқытушысы Шымырбекова А.М. типтік оқу жоспары мен силлабусқа сәйкес келесі тақырыптар бойынша дайындады:

№1 тақырып бойынша Twee.com платформасын пайдаланып, «Expertize of substances and materials in chemical engineering» тақырыбы бойынша жазу және оқу бойынша орындалды

https://www.toolify.ai/ai-news/revolutionize-english-teaching-with-tweecom-free-aitool-for-engaging-activities-2474515
№2 тақырып бойынша Tools for Educationers платформасын пайдалана отырып, «Шетелде оқу» тақырыбына кроссвордтар жасалды https://toolsforeducators.com/#google_vignette
№3 тақырып бойынша Kahoot платформасы арқылы «My family» тақырыбына тест құрастырылды.https://wet.archive.org/web/20210920195159/https://kahoot.com/?utm_name=controller_app
№4 тақырып бойынша Quizziz платформасын пайдалана отырып, «Youth is the future of the country» https://quizizz.com/?lng=ru орындалды.

**6.3 Ғылыми жарыстарға, көрмелерге қатысу – жоқ**

**6.4 Шетелдік және республикалық конференцияларға қатысу.**

**Кафедра оқытушылары алыс және жақын шетелдерде өткен конференцияларға қатысты:**

1. Айтбекова Ж.Н, Арынгазиева А.А. «Шекарасыз ғылым» - 2025, 30 наурыз - 7 сәуір аралығында Шеффилд қаласында өткен XXII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, оның қорытындысы бойынша «Game technologies in the process of teaching foreign languages to students» мақаласын жариялады.
2. Айтбекова Ж.Н., Арынгазиева А.А. «Шекарасыз ғылым» - 2025, 30 наурыз - 7 сәуірде Шеффилд қаласында өткен XXII халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, оның қорытындысы бойынша Classification of games used in the process of teaching a foreign language” (Ұлыбритания) мақаласын жариялады.
3. Мамбетова Г. (және бірлескен авторлар) 2024 жылғы 3 шілдеде Анкара қаласында өткен «EJSER студенттерінің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың интеграциялық тәсілдері» 13-ші халықаралық әлеуметтік ғылымдар симпозиумына қатысып, оның нәтижелері бойынша «Студенттердің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың интегративті тәсілдері» (Түркия) мақаласын жариялады.
4.Джиянбаева Л.А. «Метафоралық нұсқалар, когнитивтік-психикалық мағына аспектілерінің философиялық интерпретациялары» атты мақаласын International Multi-disciplinary Journal of Education, 2025 том. 3 (АҚШ)
5. Серикбаева Н. «Current issues of teaching foreign and narrative languages in higher education institutions, Термез (Өзбекстан) 2025» атты мақаласы жарияланды.
6. Джиянбаева Л.А. «Ранг номҳои ұлттық ва мәдени хусиятлари» (Өзбекстан) мақаласы 2025 ж.

**Кафедра оқытушылары Қазақстан Республикасының халықаралық конференцияларына қатысты:**

1. Джиянбаева Л.А. «Заманауи білім беру: шақырулар, трендтер және стратегиялар» атты жаңашыл мұғалімдер форумына қатысып, «Көшпелі халықтардың этникалық тарихындағы түстік белгілер» 2025 ж.
2. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы «Әуезов оқулары-23: Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» Хакім Абайдың 180 жылдығына орай 2025 ж. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.

**6.5 Ақпараттық-баспа қызметі:**

Жыл басынан бері кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы **72** баспа басылымдарын дайындап, басып шығарды: импакт-факторы (0,100) журналдарда **5** мақала, Республикалық журналдарда (ЖАК) **8** мақала, басқа журналдарда **13** мақала, алыс және жақын шетелдердің халықаралық ғылыми конференцияларының жинағында **6** мақала, «Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында» **8** мақала жарияланды. - **22**: Академик Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымының негізін қалаушы» Академик Қаныш

Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған Қазақстан Республикасының халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында **1** мақала, 2024 жылдың қараша айында кафедра оқытушылары «Industrial Engineering and Technology Industrial Engineering Conference» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысты. (ICITE-2024), осы конференция материалдарында **1** мақала жарияланды, XXVIII РСНК материалдарында «Қазіргі ғылым: жаңа көзқарастар және жас ғалымдардың өзекті зерттеулері» тақырыбында жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша, Шымкент, 2025 ж. – **30** мақала жарияланды.

**Кафедра келесі оқу-әдістемелік құралдарды шығарды:**

**Әдістемелік нұсқаулар (жоспарға сәйкес):**

1. «Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар» 1 курс студенттеріне келесі бағыттар бойынша: 6В06 – «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 6В07 – «Машина жасау және құрылыс», 6В11 – «Білім саласындағы қызметтер» (А2 деңгейі), авторлары – Мусалиева М.О., Ашимова Т.С., Мамбетова Г.Т., Мамекова С.К., Байдабекова М.С., Есжанова Л.Ш. 2024 жылдың қыркүйек айы.

2. 6В06- «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 6В07- «Машина жасау және құрылыс», 6В11- «Білім беру қызметі» (А2 деңгей) мамандықтары бойынша бірінші курс студенттеріне арналған өздік кәсіптік жұмысты және өзіндік жұмысты ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар, авторлары–Курбанбаева С.Н., Унембаева А.Н.,Кудасбекова А.Б., Айтбекова Ж.Н., Қожанов С.Н., Серікбаева Н.Ж. 2024 жылдың қыркүйек айы.

3. «2 курс студенттеріне кәсіби-бағытталған ағылшын тілінен практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар», 5 б.т., БББ 6В07088 – «Құрылыс сараптамасы және техникалық қадағалау» мамандығының студенттеріне арналған, авторлары: Сатылханова Г.А., Джиянбаева Л.А.

4. «2 курс студенттеріне кәсіби-бағытталған ағылшын тілінде өзіндік жұмысты және өзіндік жұмысты ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар», 5 б.т., БББ 6В07088 – «Құрылыс сараптамасы және техникалық қадағалау» мамандығының студенттеріне арналған, авторлары – Джунусбекова Ж.С., Серікбаева Н.Ж. 2024 жылдың қыркүйек айы.

5. 6В06- «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 6В07- «Машина жасау және құрылыс», 6В11- «Білім беру қызметі» (В1 деңгейі) мамандықтары бойынша 1 курс студенттеріне арналған «Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар», авторлары – Шымырбекова А.М., Джиянбаева Л.А., Томарбаева С.Т., Джунусбекова Ж.С., Сатылханова Г.А., Төребек Д.О. 2025 жылдың қаңтары.

6. 6В06- «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», 6В07- «Машина жасау және құрылыс», 6В11- «Білім беру қызметі» (В1 деңгей) бағыттары бойынша бірінші курс студенттерінің өзіндік кәсіби жұмысын және өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар, авторлары - Егемберді А.А., Қалауова С.С., Назарова А.Н. 2025 жылдың қаңтары.

**Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы да баспадан шығарылды (жоспар бойынша):**

Іскерлік ойындар жинағы – 7

Кейс жинағы – 6

**6.6 Студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу жұмысы:**

2024 жылдың 11 желтоқсанында сағат 10:00, 304 Г. Ақпараттық технологиялар және энергетика жоғары мектебінде «Техникалық мамандықтар үшін шет тілдері» секциясында «Ғылым, техника және технологияның заманауи жетістіктері» тақырыбында студенттік конференция өтті. Конференция жоспарына сәйкес 24 студент өз баяндамаларымен

қатысты. Секция барысында 24 баяндама тыңдалып, талқыланды, оның ішінде университет студенттері конференциясының 2-ші турына 15 баяндама ұсынылды. Дайындалған баяндамалар ғылыми-техникалық салаларды қамтыды. Қатысушылар баяндамаларды үлкен қызығушылықпен талқылап, түрлі сұрақтар қойды.

Қазылар алқасының құрамында А.Н. Жорабекова, А.Н. Назарова мен С.Н. Қожанов. Бірауыздан қабылданған шешіммен келесі баяндамалар 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен марапатталды:

**1 орын:**

ИП 24-7к2 тобының студенті Мокушев Ильяс

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Мамбетова Г.Т.

Ғылыми баяндаманың тақырыбы: Modern trends radio telecommunications

**2 орын:**

СМ-24-7к тобының студенті Абдирашев Айбек

Жетекшісі: аға оқытушы Арынгазиева А.

Ғылыми баяндаманың тақырыбы: How has smartphone usage affected the sleep deprivation of adolescences in the last 10 years

**3 орын:**

СМ 24-5к4 тобының студенті Абдуғани Аяулым

Жетекшісі: аға оқытушы, PhD, Сатылханова Г.А.

Ғылыми баяндаманың тақырыбы: Discovery of cloning in diology science and its achivments

**6.7 Өнертапқыштық қызмет. Зияткерлік меншікті қорғау**

1. Ұялы бетон дайындауға арналған шикізат қоспасы Баспа Пайдалы модельге Ұлттық патенттік кеңсесі №10459 25.04.2025 ж. Оним No2025/ 346031 Қазпатент, Алматы қ.- 2025 ж., Моминова С. (және бірлескен авторлар)

2. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 2025 жылғы 19 мамырдағы No 58214 куәлік 2025 жылғы 16 мамырдағы Моминова С., бірлескен автор Көпжасаров Б.Т.

Оқытушылар өз біліктіліктерін үнемі арттырып отырады, содан кейін кафедрада семинарлар, сабақтар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, зертханалық жұмыстар, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, дәрістер жинақтары әзірленеді. Кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияларда белсенді баяндамалар жасайды, монографиялар, рецензияланған ғылыми басылымдарда мақалалар жариялайды, кафедрада жүргізілген зерттеулердің нәтижелері оқу процесінде практикалық бөлімдерге толықтырулар түрінде қолданылады.

2024-2025 оқу жылында «Оқытушы студенттер көзімен» студенттердің сауалнамасы бойынша кафедрадағы профессорлық-оқытушылық құрамының орташа балы 4,62 балды құрады.

**7. 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысы бойынша:**

Университеттің тәрбие жұмыс негізінде тәрбие жоспарының 10 бағыты бойынша іс-шаралар жоспары құрылды.Жоспарға

- Азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбиесі
- Кәсіби шығармашылық және еңбек тәрбиесі
- Діни толеранттылық қалыптастыру
- Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру
- Экологиялық тәрбие

- Интеллектуалды және коммуникативт імәдениетті қалыптастыру
- Мәдени экстетикалық тәрбие
- Студенттердің өзін-өзі басқару және жастар иницативасын қалыптастыру тәрбиесі бойынша шаралар енгізілді.

Кафедра мәжілістерінде студенттердің сабаққа қатысуы, бақылау апталарының,емтихан сессияларының қорытындылары ұдайы талқыланады.Қыркүйек айында кафедра оқытушылары тәрбие жұмысының жоспарларын бекітті. Кафедра оқытушылары өздеріне бекітілген топтарда жоспарға сай 10 бағыт бойынша тәрбиелік шаралар өткізіп, хаттамалар толтырып отырды. Сонымен бірге 2024 – 2025 оқу жылындағы тәрбие шаралары бойынша жылдық есебінде кафедраларының барлық топтар бойынша тәрбиелік іс-шаралар жоспары түзілген, тәлімгерлік сағаттардың хаттамалары жасалынып, әр бағыт бойынша жоспарға сай тәрбие сағаттары өткізілді,

Ал «1 Қыркүйек –білім күніне» орай бірінші курс студенттерін қарсы алып жаңа оқу жылымен құттықтап,Университет әкімшілігімен таныстырды.

2024 жылдың қазан айында кафедра аға оқытушысы Ашимова Т «Білікті маман-жауапкершіліктің тірегі» тақырыбында бірінші курс білім алушыларымен әңгіме өткізді.

2024 жылдың қараша айында кафедра аға оқытушылары Мамбетова Г Е.,Телгараева Ж.,Құрбанбаева С., Алжанов Е., Айтбекова Ж және Томарбаева С "Адамгершілік - асыл қасиет" тақырыбында, Шымырбекова А,. Егемберді Ә.,Серікбаева Н,.Абишева Г "Нашарқорлық қасіреті" тақырыбында,Шымырбекова А Т «Экология тазалығы» тақырыбында дөңгелек стол және әңгіме өткізді.

2024 жылдың қараша айында Сатылханова Г.,Құдасбекова А, Джиянбаева Л бірінші курс студенттерімен "Саяси қуғын-сүргін құрбандары"музейіне барып,білім алушыларды қазақ елінің зиялыларының өмірі жайында таныстырды.

2024 жылдың желтоқсан айында кафедра аға оқытушылары Джунусбекова Ж.,Қожанов С. Және Қалауова С., Арынғазиева А., Төребек Д., Умирзакова Г.,Оразалиева Г., Кошкарова Г "Тәуелсіздік таңы мәңгілік" тақырыбында, Абишева Г "Діннің тәрбиелік мәні" тақырыбында пікір-талас және әңгіме өткізді.

Орыс топтарында аға оқытушы Үнембаева А Қазақстанның тәуелсіздік күніне білім алушылармен әңгіме жүргізді.

2025 жылдың ақпан айында кафедра аға оқытушылары Арынғазива А «Экология және Біз » Кудасбекова А, Ашимова Т.С. «Діннің тәрбиелік мәні», «Дін-тәрбиенің рухани тірегі», тақырыбында әңгіме өткізді,аға оқытушылар Мамбетова Г.Т., Байдабекова М.С. ,Қожанов С «Денсаулық – зор байлық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.
2025 жылдың Наурыз айында кафедра аға оқытушылары Қалауова С «Дін және жастар » Құрбанбаева С.Н мен Айтбекова Ж.Н. «Дінсіз тәрбие – тамырсыз көшет» тақырыбында дөңгелек стол өткізді, басқа аға оқытушылар Мусалиева М «Табиғатты аялайық» тақырыбында әңгіме өткізсе, аға оқытушылар Шымырбекова А. «Дін мен дәстүр», Діннің тәрбиелік мәні жөнінде студенттерге терең мағлұмат берді.
2025 жылдың Сәуір айында аға оқытушы Ж.Телғараева«Дін тәрбиенің рухани тірегі», кафедра аға оқытушылары Ж.Джунусбекова , Абишева Г «Нашақорлық -қылмыс», Қошқарова Г «Нашақорлық –ғасыр дерті», атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізді.
Мамыр айында оқытушы Телғараева Ж«Салауатты өмір салты»,атты тақырыпта әңгіме өткізді.

Университет қызметкерлері және ПОҚ, студенттер арасында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауын түсіндіру,насихаттау,талдау жүргізілді.
Өткізілген барлық іс-шаралардың нәтижесін хаттамалар көрсетеді.

Кафедра меңгерушісі: Жорабекова А.Н.
Сапа менеджмент жүйесіне жауапты: Серикбаева Н.Ж.